

Астана Медицина Университеті» АҚ
Кафедра: № 1Қоғамдық денсаулық сақтау

Презентация

Тақырыбы: **Травматизм себептері мен алдын алу.
Жүрек – қан тамыр жүйесі сырқаттарының
мәселесін
шешу жолдарының кейбір
мүмкіншіліктері.**

Орындаған: Салыбаева Т.Б.

Топ: 505-ҚДС

Қабылдаған: Байгенжеева Р.

Астана - 2016

Жарақаттар – бұл адам ұлпалары мен органдарының зақымдануы, сыртқы себептерден аяқ-қолдың сынуы мен буынның шығуынан, жұмсақ ұлпаның жаралануы мен дененің сыдырылуынан, органдардың зақымдануынан және көптеген басқа жәйттердің әсерінен ұлпалар мен органдар тұтастығы мен қызметінің бұзылуы.

С ТРАВМАТИЗМОМ
У НАС ВСЁ
В ПОРЯДКЕ!

CARICATURA.RU



Қазіргі таңда жарақаттану 20-49 жастағы ерлер арасында және 30-59 жас әйелдер арасында көптеп кездеседі. Барлық көрсеткіштерде ер адамдардың көрсеткіші әйелдерге қарағанда жоғары болып тұрады. Жарақаттану мүгедектік пен өлімнің басты себебі болып үшінші орында, ал жұмыс жасындағы адамдардың арасында өлімнің бірінші себебі болып табылады. ДДҰ ның шешімі бойынша 18 қыркүйек жарақаттануға қарсы күн болып табылады.


Жарақаттану мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Өндірісте (өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында) жарақаттану;
2. Көлікте (автомобиль, темір жол, су көлігі, әуе көлігі) жарақаттану;
3. Көшеде жарақаттану (адамдардың көшеде құлап қалуынан, құлаған заттардың соғуынан, т. б. зақымдану);
4. Тұрмыстық жарақаттану (тұрмыста кездейсоқ себептерден зақымдану: баспалдақтан құлау, тұрмыстағы қолданылатын заттардан зақым алу, т. б. немесе төбелес, кісі өлтірушілік, өзін-өзі өлтірушілік және т. б. кезінде қасақана жасалатын зақымдар);
5. Әскери қызметшілердің соғыс кезіндегі және бейбіт кездегі жарақаттары болып табылатын әскери жарақаттану;
6. Спортпен айналысқан кездегі спорт жарақаттары.

Жарақаттың
себебі:



Эндогендік
факторлар



Экзогендік
факторлар

Экзогендік факторларға жатады:

- ❑ механикалық факторлар (соғылу, ауыр салмақты плитаның астында қалу, биіктен құлау)
- ❑ химикалық факторлар (қышқылдардың, улағыш заттардың әсері).
- ❑ физикалық факторлар (ыстық, суық, қысым, электр тоғының, рентген, иондаушы сәулелердің әсері).
- ❑ биологиялық факторлар (бактериялардың, вирустардың, басқа макро және микроорганизмдердің әсері)
- ❑ психикалық факторлар (қорқу, ренжу, абыржу салдарынан).

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан зардап шеккендер саны

адам

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Қазақстан Республикасы	3395	3348	3333	3197	2829	2702	2589	2844	2817	2 894
Ақмола	113	132	87	74	78	63	90	79	85	105
Ақтөбе	130	118	125	126	122	129	118	109	124	122
Алматы	106	76	90	41	57	36	48	31	58	72
Атырау	93	71	56	97	60	64	72	61	66	45
Батыс Қазақстан	112	99	92	90	92	84	98	106	106	120
Жамбыл	138	155	117	93	82	87	60	94	83	104
Қарағанды	942	959	1002	929	769	878	723	725	808	766
Қостанай	139	147	196	131	132	136	112	86	190	199
Қызылорда	24	41	51	59	48	50	33	72	63	100
Маңғыстау	114	96	56	79	45	42	57	83	102	111
Оңтүстік Қазақстан	102	96	103	94	105	74	110	70	126	123
Павлодар	179	205	216	259	222	217	242	247	199	190
Солтүстік Қазақстан	133	80	89	82	113	95	101	87	70	72
Шығыс Қазақстан	532	529	543	574	476	464	407	647	436	432
Астана қаласы	229	203	197	211	170	143	182	223	183	186
Алматы қаласы	309	341	313	258	258	140	136	124	118	147

Жүрек аурулары, әр түрлі аурулардың асқынуынан немесе жүрек және қантамыр жүйесі қызметі бұзылуы мен зақымдануынан пайда болатын аурулар. Жүрек ауруларының жиі кездесетін түрлері: ревматизм, гипертония, жүрек ақауы, жүрек демікпесі, жүрек және қан тамыр неврозы, миокард инфарктысы, гипотония, т.б.



Жүрек пен қантамырлар жүйесінің аурулары әр түрлі жағдайларға байланысты:

1. Бұлшықеттерге ауыр күш түсіретін жұмыстар - жүрек бұлшықеттеріне зақым келтіріп, жиырылу әрекетін төмендетеді. Жүрек бұлшықетін қанмен жабдықтайтын қантамырларды қанқатпа бітеліп, оттегі мен қоректік заттарды тасуға кедергі жасайды.
2. Өте қауіпті жұқпалы ауруды қоздырушылардың бөлетін уы қанмен жүрекке жетіп, жүрек бұлшықеттерін зақымдайды.
3. Қалқанша без гармонының не аз, не көп бөлінуі ырғақты жиырылуды бұзады.
4. Жүрек қақпақшалары бактериялармен зақымданғанда жабылмай, жүрек жиырлғанда қанның кері ағуына әсер етеді. Жүрек – қантамырлары аурулары жүйке жүйесіне де байланысты.

Жүрек-қан тамыры аурулары

елімізде адам өлімінің себептері арасында бірінші орынға шығып отыр. Атеросклероз, гипертония ауруы, жүректің ишемиялық ауруы адамзаттың «қатерлі үшбірлігі» деген атқа ие болған. Осы топтан тысқары эндокардиттер, миокардит пен жүрек жетіспеушіліктері де қаралады.



● Жүрек қантамыр аурулары соңғы кезде әлемдік індеттің сипатын алды. Қазақстан Республикасында жүрек және қан-тамыр дерттеріне шалдығушылық 5-7 есеге өсті, бұл дерттермен ауру-сырқаушылық және өлім құрылымы бойынша біздің республика алғашқы орындарда тұр. Артериалдық гипертония дамыған елдермен қатар, дамушы елдерде де кең тараған дерт болып табылады. Бүгінгі күні әлемдегі ересек тұрғындардың шамамен 40% артериалдық гипертониядан зардап шегеді. Алайда науқастардың жартысы қан қысымының көрсеткіштері жоғары екенін білмейді.

- Қазақстанда артериалдық гипертонияның тұрақты өсу үрдісі байқалады. Мысалы, ҚР Статистика Агенттігінің деректері бойынша 2006 жылы 100 мың халық санына — 577,5; 2007 жылы — 597,3; 2008 жылы — 764,6; 2009 жылы — 877,5 жағдай тіркелді. Жыл сайын аурудың 92 мыңнан 135 мыңға дейін жаңадан алғаш анықталған жағдайлары тіркеледі. Артериалдық гипертонияның жастарда көптеп анықталатынын атап өту қажет. Артериалдық гипертониямен ауру-сырқаулықтың өсуіне темекішегушілік, алкогольді шамадан артық тұтыну, дененің артық салмағы, аз қимылды өмір салты, күйзелістер тәрізді қауіп-қатер факторлары едәуір әсер етеді.

2.24 2011 жылы 18 және одан жоғары жастағы ауыл тұрғындарын алдын ала қарау (қан айналым жүйесі ауруларын анықтау)

Профилактические осмотры сельских жителей в возрасте 18 лет и старше в 2011 году (на выявление болезней системы кровообращения)

	Қаралуға жататындар, мың адам Подлежало осмотру, тыс.чел.	Қаралды, пайызбен Осмотрено в процентах	Табылған аурулар, пайызбен Выявлено в процентах	Сауықтырылды, пайызбен Оздоровлено в процентах
Қазақстан				
Республикасы	1 133,7	96,4	7,7	37,6
Ақмола	52,5	97,1	4,8	6,8
Ақтөбе	31,4	100,0	7,6	9,0
Алматы	199,4	94,4	10,3	11,0
Атырау	40,0	100,0	2,5	100,0
Батыс Қазақстан	57,7	100,0	6,2	100,0
Жамбыл	103,4	106,3	10,8	72,0
Қарағанды	34,4	100,0	20,8	2,8
Қостанай	75,0	104,3	3,0	70,6
Қызылорда	32,2	99,7	8,4	12,0
Маңғыстау	41,3	35,1	0,5	2,0
Оңтүстік Қазақстан	271,5	98,5	10,5	11,2
Павлодар	25,5	100,0	3,9	23,0
Солтүстік Қазақстан	75,0	99,6	5,3	100,0
Шығыс Қазақстан	94,4	98,5	5,9	64,6

Статистика бойынша өліммен аяқталатын жағдайлардың 52 % жүрек аурулары салдарынан. Ол ересек адамдарды не мүгедектікке, не өлімге алып барады.Европада жыл сайын осы аурудың салдарынан шамамен 3 млн адам қайтыс болса, Ресейде 1 млн адам, ал Қазақстанда 80 000 адам осы аурудан көз жұмады. ЖҚА салдарынан әлемде 17,3млн адам көз жұмған, бұл барлық өлім жағдайларының 30%- ын құрады. Оның ішінде 7,3 млн адам жүректің ишемиялық ауруынан, 6,2 млн адам инсульттан көз жұмған. ЖҚА- нан өлім жағдайының 80%-ы табыс көлемі төмен немесе орта деңгейдегі елдерде орын алған. ДДҰ – ның болжамы бойынша 2030 ж қарай 23,3 млн бақилық болады. Бұл жас талғамайтын ауру.Статистика бойынша 1000 нәрестенің 18-і жүрек ақауымен туылады. Әдетте жүректің туа біткен ақауларының қалыптасуы жүктіліктің 2-8 аптасында пайда болады. Оның негізгі себептері жұқпалы аурулар,кейбір дәрі- дәрмектердің әсері, сонымен қатар болашақ ананың жұмыс істейтін зиянды өндіріс орны, тұқымқуалаушылық. Елімізде 3000- нан аса сәби жүрек ақауымен дүниеге келсе, соның 10- 15 % ғана 1 жасқа дейін өмір сүреді.Туа біткен жүрек ақауына дер кезінде операция жасалса, науқас құлан таза айығып кете алады.

2003-2005 жылдары ДДҰ құжатында Қазақстан қан айналым жүйесі ауруларынан болған өлім көрсеткіші бойынша екінші орында болған. ЖҚА салдарынан болған өлімді және аурулар санын төмендету мақсатында Елбасының тікелей тапсырмасымен ҚР Үкіметінің « 2007 – 2009 жылғы ҚР кардиологиялық және кардиохирургиялық көмектің дамуы туралы» қаулысы қабылданды. Қазіргі таңда елімізде бірнеше кардиохирургиялық орталықтар ашылып(әр облыста), туа біткен жүрек патологиясына ота жасау қолға алынды. Осылайша Қазақстан бүгінгі таңда ашық жүрекке бірегей, жоғары технологиялық тұрғыда ота жасайтын әлемдегі озық 22 елдің қатарына қосылып, Орталық Азия елдері ішінде осы саланың кошбасшысына айналды.

- Кардиология саласы елімізде дамудың барлық кезеңдерінен өтіп, халықаралық талаптарға сай деңгейге дейін жетті. Елбасымыздың тапсырмасымен құрылған елордамыздағы Республикалық кардиохирургиялық орталық - Орта Азиядағы алдыңғы қатарлы емдеу мекемесі. Адам жүрек алмастырғаннан кейін 30 жылдан астам өмір сүреді. Ал аппаратпен көп дегенде 1-2 жыл. Қазақстан жүрек алмастыру отасын Орта Азия елдері арасында алғашқы болып жасады. Бұл еліміздегі кардиология ғылымының дамуының бір көрінісі.

Өлудің негізгі себептері бойынша өлгендердің құрылымы

	Өлгендер саны, адам		Үлес салмағы, %	
	2010ж. қаңтар-қазан	2011ж. қаңтар-қазан	2010ж. қаңтар-қазан	2011ж. қаңтар-қазан
Барлығы	7 437	7 517	100,0	100,0
одан:				
Қан айналымы жүйесінің аурулары	2 983	2 677	40,1	35,6
Жаңадан пайда болған аурулар	900	897	12,1	11,9
Қайғылы оқиғалар, улану және жарақаттану	973	893	13,1	11,9
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	328	402	4,4	5,3
Ас қорыту мүшелері аурулары	431	466	5,8	6,2
Жұқпалы және паразитарлы аурулары	95	68	1,3	0,9
Басқа аурулар	1 727	2 114	23,2	28,2

2.6 2011 жылы себептердің жіктелімі бойынша өлім-жітім Смертность по классам причин в 2011 году

Өлім себептерінің жіктелімі	Өлгендер саны, адам Число умерших, человек			Өлім-жітім коэффициенті, 100 000 адамға шаққанда Коэффициент смертности, на 100 000 человек			Классы причин смерти
	барлығы всего	соның ішінде: в том числе:		барлығы всего	соның ішінде: в том числе:		
		әйелдер женщины	ерлер мужчины		әйелдер женщины	ерлер мужчины	
Барлығы одан:	144 213	64 742	79 471	870,92	755,07	995,33	Всего из них:
қан айналымы жүйесінің аурулары	51 267	23 101	28 166	309,61	269,42	352,76	болезни системы кровообращения
жазатайым оқиғалар, улану және жарақаттану	16 990	3 861	13 129	102,60	45,03	164,43	несчастные случаи, отравления и травмы
жаңа өскін тыныс органдарының аурулары	17 118	7 985	9 133	103,38	93,13	114,39	новообразования
ас қорыту органдарының аурулары	8 626	3 053	5 573	52,09	35,61	69,80	болезни органов дыхания
жұқпалы және паразиттік аурулар	9 216	3 587	5 629	55,66	41,83	70,50	болезни органов пищеварения инфекционные и паразитарные болезни
басқа аурулар	2 198	618	1 580	13,27	7,21	19,79	болезни
	38 798	22 537	16 261	234,31	262,84	203,66	другие болезни

- Қазақстан Республикасы Агенттігінің мәліметіне сәйкес санақ бойынша 2011 жылы 2284,3 қан айналымы жүйесі аурулар жағдайы тіркелді 100 мың халыққа 2010 жылы – 2086,7 жағдайлар тіркелді 100 мың адамға, Артериялық гипертония 2011 жылда өсімге тұрақты беталысы өмірімізде бірінші рет 1035,0 жағдайлар тіркелді 100 мың халыққа есептегенде тыс 2010 жылы 913,8 артериалық гипертония аурулары жағдайлары тіркелді . ҚР агенттігінің мәліметі бойынша өлім себептерінің құрылымында халықтың жұмыс істейтін ер адамдардың (16-62,5 жас) ЖҚА көшті бастап келеді, 3,2 рет оларда еңбекке қабілетті әйелдерге (16-57,5 жас) қарағанда жиі кездеседі

Қазақстан Республикасы

Әртүрлі жағд.

17.6

Тыныс алу жүйесі

2.3

Жұқпалы аурулар

5.1

Жарақаттар

11.9

Жаңа аурулар

12.9

Жүрек қан тамыр

50.3

0

10

20


30

40

50

60

Жүректің ишемиялық ауруынан болған өлім жітімді азайту (100 000 адамға шаққанда)



Қазіргі таңда жылына 3000- нан астам сәби жүрек ақауымен дүниеге келеді. «Жүрек күні» жыл сайын, ДДҰ ЮНЕСКО- мен серіктес Дүниежүзілік жүрек федерациясының бастамасымен және халықаралық ұйымдардың қолдауымен қыркүйек айының соңғы жексенбісінде аталып өтіледі. Қанайналым жүйесі ауруларын алдын алу жөнінде өткізілгелі отырған онкүндікте медицина қызметкерлеріне арналған оқыту шаралары, қан айналымы жүйесі ауруынан болған өзекті мәселелер айтылып, түрлі шаралар жүргізіледі. Бұл күн 2001 жылдан бері атап өтіледі.


● Дүниежүзілік Жүрек Лигасының шешімі бойынша 27 қыркүйекте Дүниежүзілік Жүрек Күні «Мен сау жүрекпен жұмыс істеймін» ұранымен атап өтіледі. Бұл күн қоғам және жеке азаматтардың назарын жүрек қан-тамыр ауруларының мәселелеріне және олардың алдын алу мүмкіндіктеріне аудармақ. Биылғы жылы жүрек Күнінің тақырыбы – жұмыс орнындағы денсаулық. Жұмыс орны жүрек қан-тамыр ауруларының себебі болуы мүмкін, атап айтқанда тиімді тамақтану қағидаларын сақтамау, гиподинамия, темекі шегу үзілістері және денсаулық жәй-күйіне теріс әсер ететін басқа да көптеген факторлар. Дүниежүзілік Жүрек Лигасы әрбір адамға қарапайым, сонымен қатар денсаулықты сақтау және нығайту, өнімді және ұзақ өмір сүру үшін: салауатты тамақтануды; белсенді қозғалысты; темекіге «жоқ!» деуді; қалыпты салмақ сақтауды; өз денсаулығыңның көрсеткіштерін білуді; алкоголь тұтынуды шектеуді ұсынады. Дүниежүзілік жүрек күніне артериалдық гипертонияның алдын алу бойынша онкүндік өткізу орайластырылған.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Министрлігінің 22 қыркүйек 2011 жылғы №
647**


**Қазақстан Республикасының халқына
денсаулық сақтау мекемелерінің
кардиохирургиялық, кардиологиялық және
интервенциялды кардиологиялық көмек
көрсету жағдайы туралы бұйрығы бекітілген.**

«Саламатты Қазақстан» 2011-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шегінде халықты скринингтік тексеруден өткізді артериялық гипертония, қан айналу жүйесі ауруларын анықтауда және жүректің ишемиялық ауруларын, қант диабетін және басқа ауруларды тексерді.

10 ведущих причин смерти в мире (в миллионах, 2012 г.)



10 ведущих причин смерти в мире (в %, 2012 г.)



- | | | |
|------------------------------|----------------------------|---|
| Другие причины | Ишемическая болезнь сердца | Инсульт |
| ХОБЛ | ВИЧ/СПИД | Респираторные инфекции нижних дыхательных путей |
| Рак легких, трахеи и бронхов | Диарея | Гипертоническая болезнь сердца |
| Диабет | ДТП | |

Пайдаланған әдебиеттер:

- Ю.П. Лисицына, Н.Я. Копыта Руководство
- Р. Биғалиева, Ш.Исмаилов «Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару»
- Ғаламтор желісі:
 - ҚР ДСӘДМ
 - «Саламатты Қазақстан 2011-2015 жж» бағдарламасы